



7 желтоқсан 2016 ж.

сәрсенбі

№133-134 (18494-95)



Қашарға табиғи газ тартылды



**Кенже
ҚОНЫСБАЙ**

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында Қашар кентінің тұрғындары қуанышқа кенелді. «ҚазТрансГаз» ұлттық операторы АҚ-ның «Қостанай облысындағы елді мекендерді газдандыру және газ тарату желілерін жаңғырту» инвестициялық

жобасы аясында оларға көгілдір отын берілді. «ҚазТрансГаз» компаниясы мен Қостанай облысы әкімдігі арасындағы меморандум бойынша алдағы уақытта басқа да елді мекендерді газдандыру мәселесі қолға алынатын болады. Әл-әзір Қашарда ірі панельді 56 үй және 20-дан астам жеке тұрғын үй көгілдір отынға көшуге дайын. Құрылыс барысында бір

автоматтандырылған газ тарату станциясы мен екі бірдей газды қадағалау пункті және 30 шақырымнан астам газ құбыры жүргізілген. Жалпы, кентте 12 мың тұрғын бар.



Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Баспасөз – 2017

«Қостанай таңы» – сенің газетің

оған 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

1 жылға – 6000 теңге

6 айға – 3000 теңге.

– жеке оқырмандарға:

1 жылға – 4500 теңге

6 айға – 2250 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

1 жылға – 4200 теңге

6 айға – 2100 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613

– зейнеткерлер мен Ұлы

Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614

– кәсіпорындар, меке-

мелер мен ұйымдар үшін – 54615

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54683

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Қостанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

**КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРДІҢ
КЕҢ ТАҢДАУЫ!**

КРЕНДЕЛЬ

КОНДИТЕР ӨНІМДЕРІ КОНДИТЕРСКИЕ ИЗДЕЛИЯ

СКЛАДСКАЯ К-СИ, (№30 ҚОЙМА)
ТЕЛ. 8 (714-2) 56-62-83, 8-777-278-57-13

Қашарға табиғи газ тартылды



(Соңы. Басы 1 бетте.)

Бұл салтанатты жиынға Қостанай облысы әкімі Архимед Мұхамбетов пен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Ғалым Айдосов қатысты.

—Бұл жобаның облыс үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы зор. Табиғи газға тұрғындармен бірге бірқатар әлеуметтік және өндіріс ошақтары қол жеткізіп отыр. Газдандыру мәселесі Қашар ауылының келешегіне оң септігін тигізетініне сенімдімін. Осы үшін «ҚазТрансГаз» компаниясына алғысымды білдіргім келеді. Алдағы екі жыл ішінде облыс бойынша 600 шақырым, яғни жаңадан 8 газ тарату пункті ашылады. Ол Әуликөл ауданының орталығы мен Аманқарағай ауылы, Қашар кенті және Рудный қаласы. Сондай-ақ, Қарабалық ауданына қарасты Тоғыззақ және Антонов ауылы, Денисов ауданындағы Алчанов ауылы және Лисаков қаласындағы Октябрь ауылы мен Федоров елді мекеніне көгілдір отын тартылады. Осылайша, табиғи газды пайдалану көрсеткіші облыс бойынша 10 пайызға көтеріледі. Құрметті Қашар кентінің тұрғындары! Сіздерді осындай ерекше күнмен құттықтаймын! Еліміздің Тәуелсіздігі мәңгі болсын, — деді облыс әкімі.



Шаршы тақта шеберлері

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Қостанайда А.Г. Уфимцев атындағы шахмат клубында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен Қостанай облысының 80 жылдығына арналған жылдам шахматтан XXV облыстық ашық турнир өтті.



Қостанайлықтардың спорттың бұл түріне әуес екенін осы біріншіліктен байқауға болады. Мұнда бақтарын сынауға келген ниеттілер жетерлік. Олардың арасында жас балалар мен үлкен кісілер де бар. Жарыстың ашылу рәсіміне Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Сергей Матвиенко қатысып, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сайыс швейцариялық жүйе бойынша 11 кезеңнен тұрады. Ойын 3 минуттан, әр жүріске 2 секундтан қосылып отырды. Айта кетейік, бұл біріншілікке кем дегенде II дәрежелі спорттық атағы барлар ғана қатыса алады. Жалпы жүлде қоры — 500 мың теңге. Жарыс облыс басшылығының қаржыландыруымен ұйымдастырылған.

Шахмат сайысында озық шыққандарды облыс әкімі Архимед Мұхамбетов келіп марапаттады.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Қостанай облысының 80 жылдығына арналған облыс әкімі мен Қазақстан халықтары Ассамблеясы жүлдесіне өткізілген жылдам шахмат бойынша XXV дәстүрлі турнирдің жеңімпазы Олег Головчук атанды. Оған айтулы бәсекенің бас кубогі мен 130 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық тарту етті. Екінші орынды Фёдор Кастенко есімді спортшы иеленді. Үздік үштікті Тимур Нұржанов түйіндеді.

Ең жас қатысушылар Фариза Қазкелді мен Шыңғысхан Саржанов, қыздар арасында ең үздік нәтиже көрсеткен Алиса Қазыбаева марапатталды. Ал ардагерлер арасында ең үздігі болып Асхат Закиров таңдалды.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

«Қостанай облыстық мәслихатының аппараты» ММ Қостанай облыстық мәслихатының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 81 «Мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсанындағы № 467 «Қостанай облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі облыстық мәслихаттың <http://maslikhat.kz> ресми интернет-ресурсының «Мәслихат шешімдері» айдарында орналастырылғанын хабарлайды.

ГУ «Аппарат Костанайского областного маслихата» сообщает, что решение Костанайского областного маслихата от 24 ноября 2016 года №81 «О внесении изменений в решение маслихата от 11 декабря 2015 года № 467 «Об областном бюджете Костанайской области на 2016-2018 годы» размещено на официальном интернет-ресурсе областного маслихата <http://maslikhat.kz> в рубрике «решения маслихата».

ИНВЕСТИЦИЯ ИІРІМДЕРІ

Облысқа инвестиция құяды

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов ҚР Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Асқар Мамин бастаған үкіметтік делегациямен Қытай халық республикасына (ҚХР) іссапармен барды. Бірнеше іскерлік келіссөздерге қатысты.

ҚХР мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары Чжан Гаолимен өткен келіссөздер барысында тараптар кең спектрлі мәселелерді талқыға алды. Оның ішінде Қостанай облысының Қытай нарығына бидай экспорттау төңірегіндегі түйткілдер қаралды, айталық, темір рудалы өнімдер тасымалындағы темір жол тарифін төмендету турасында және өзге де өзекті жайттар қозғалды.

Екі күнге созылған іссапар аясында Архимед Мұхамбетов ірі трансұлттық компания басшылығымен және инвестициялық қор өкілдерімен кездесулер өткізіп, көлік құрастыру және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу салаларындағы жобалар талқыланды.

Облыс басшысы құрылғылар импорты және экспорты бойынша Қытай мемлекеттік компаниясының президенті Сю Шенг Ванг пен, Anhui Jianghual Automobile Co Ltd (JAC) компаниясының төрағасы Джи АНмен кездесіп, автокөлік саласындағы әріптестіктің келешегі туралы мәселелер қозғалды.

«Аллюр компания тобы» құрамына кіретін қостанайлық автоөндіріс кәсіпорнының өкілдерімен бірге «СарыАрқаАвтоПром» ЖШС базасында JAC моделінің сериялық өндірісі



жобасына инвестиция құю жоспарлары пысықталды.

А.Б. Мұхамбетовтің J.S. Machine компаниясының директоры Мин Лимен кездесуінде біздің облыстың аумағында целлюлоздық-қағаз комбинаты желісін құру жобасының нобайлары назарға алынды. Аталмыш компания қағаз өнеркәсібі құрылғыларын өндіретін әлемдегі көшбасшылар санатында.

"Жібек жолы" инвестициялық Қоры өкілдерімен өткен жүздесуде Қостанай қаласында Агроөнеркәсіптік парк құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру, сондай-ақ ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу бойынша бірлескен кәсіпорын құру, соның ішінде майлы дақылдар өндірісі мүмкіндіктері қаралды.

Естеріңізге салайық, "Жібек жолы" қоры Жібек жолы және Теңіз Жібек жолы экономикалық белдеуінде орналасқан елдердегі ірі көлемді жобаларға инвестиция құяды.

Ж.БАЛҒЫНБЕКҰЛЫ.

ӘЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ – ЕҢБЕК

Мамандығы – механик

Қымбат
ДОСЖАНОВА



Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасын жариялаған болатын. Онда қарапайым еңбек адамының мәртебесіне баса көңіл бөлінген. Елбасы өз бағдарламасында еңбек адамының беделін көтеру қаншалықты маңызды екенін жан-жақты ашып көрсетеді. Әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, экономикалық және мәдени байлықтар адамның еңбегімен жасалатыны ақиқат.

Біздің бүгінгі мақаламыздың кейіпкері «ақ саусақтардың» қатарынан емес. Әке жолын жалғаған жас маман — Жаңбырбай Көлбаев. Ол Аманкелді ауданындағы Қайнар совхозында туған. 1997 жылы отбасы Таран ауданы Евгеньев ауылына көшіп келеді. Орта мектепті бітірген соң, 2005 жылы Қостанай қаласындағы индустриалды колледжіне оқуға түседі. Таңдаған мамандығы техник-механик, оқу өндірістік шебері. 2008 жылы колледждің бағыттауымен Ақмола облысы Целиноград ауданы, Новошиим ауылына барады. №19 кәсіптік лицейде еңбек жолын бастайды.

— Таңдаған мамандығыма өкінбеймін. Жұмысым да ұнайды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген бар емес пе. Әкем марқұм, Сәбитбек механизатор

болып ұзақ жыл тер төккен. Сол кісінің кәсібі, адал еңбегі менің мамандық таңдауыма әсер етті. Колледжде жақсы оқығаным үшін маған жұмысты өздері тауып берді. Бір

жыл Ақмола облысында істеп, Қостанайға келдім. Мемлекеттік бағдарламамен үй алу арман еді. Арманым мені алдамапты, — деді техник-механик Жаңбырбай Көлбаев.

Жас маман бүгінде Қарабалық ауданындағы Қазақстан агротехникалық колледжінде оқу-өндірістік шебері болып жұмыс істейді. «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасымен баспаналы болды. Колледжде жеті жылдан бері сабақ береді. 2009 жылы шаңырақ көтерген. Келіншегі Айдана Нысанбаева Ақмола облысы Қабанбай батыр ауданының тумасы. Жас отбасы Бексұлтан есімді балаларын тәрбиелеп жатыр. Балақай биыл қазақ мектебінің 1-сыныбына барды.

Қазақ агротехникалық колледжінде техник-механик мамандығында оқып жатқан жастар ауылшаруашылық техникаларының құрылысымен танысып, қолдану тәсілдерін меңгереді. Көктемде алқапқа шығып К-700, К-701 тракторларымен егін егуді үйренеді. Күзде астық жинап, қыста техникаларды сақтау жолдарын оқиды. Осылайша ауылшаруашылығы саласына қажетті дайын маман болып шығады. Осы аталған жұмыстарды теория және практика жүзінде үйрететін біздің кейіпкеріміз Жаңбырбай Көлбаев. Колледжде білім алып жатқан студенттердің арасында қыздар да бар. Олар агроном, механизатор, автоэлектрик болып шығады.

— Кез келген жерде жұмыс бар. Жұмысқа деген ынта, ниет болу керек. Қалаға ұмтыла бермей ауылға да қарайласқан дұрыс. Мемлекетімізде ауыл шаруашылығын дамытуға көңіл бөлініп жатыр. Жер емген жұрт жүдемейді. Кең даланың пайдасы ұшан-теңіз. Ауылға да жақсы маман керек. Жұмыс істеген адамның қолы босамайды. Күнделікті оқып, тәжірибе жинау керек. Техниканың түрі күн сайын жаңаруда. Соның бәрін оқып, меңгеріп балаларға түсіндіру керек, — деді жас маман Жаңбырбай Көлбаев.

СУРЕТТЕ: оқу-тәжірибе барысында.

Қарабалық ауданы.

● БІЛІМ

Білікті маман — билік назарында

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Ахмет Байтұрсынов атындағы білім ордасының бүгінгі жай-күйімен облыс әкімі Архимед Мұхамбетов танысты. Облыс ауылшаруашылық саласына ден қоятыны белгілі. Осыған сай, ҚМУ агроөнеркәсіп саласына жыл сайын жас мамандарын қанаттандырып отырады. Осылайша, өңірдің өріс жаюына зор ықпалын тигізеді. Бұл жайлы университеттің ректоры Құсайын Уәлиев аймақ басшысына баяндап берді.

— Университетімізде 7 факультет, 57 кафедра бар. Бас-аяғы бес мыңға жуық шәкірт білім алады. Білім сапасы өте жоғары. Мысалы, "Азық-түлік өнімдерін өндіру" зертханасы ең соңғы үлгідегі қымбат құрылғылармен жабдықталған.

Дәл осы ғылыми-инновациялық орталық белорусиялық және кәріс ғалымдарымен тәжірибе алмасып келеді. Сондай-ақ, бізге Қостанайдағы өндіріс ошақтары университет түлектерін өздеріне жіберуін жиі сұрайды. Сол себепті, өзара келісім-шартқа қол қойдық. Оқу жүйесі де солармен тығыз байланысты. Өйткені, студенттер білімнің 30 пайызын теория жүзінде осы жерде меңгерсе, қалған уақытта кәсіпорындарда тәжірибеден шеберлік жинақтайды, — дейді университет басшысы.

Бұдан бөлек, облыс әкімі студенттер жатақханасына бас сұқты. Бұл жерде тәртіп сақшыларымен кездесіп, ішкі бақылауды күшейтуді тапсырды. Себебі, жатақхана бес жүз орындық. Мұнда "Серпін" бағдарламасы

арқылы Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен келген студенттер мен облыстың әр аудандарынан жиналған шәкірттер тұрады. Жастардың қауіпсіздігін бақылап, ішкі тыныштықты сақтауға тәртіп сақшыларының көмегі тиеді. Осыны ескерген басшылық жатақхана жанынан полиция қызметкерлеріне арнап бақылау пунктін ашады. Мұнда олар кешкі уақыттарда келіп, түнге дейін кезекшілік ететін болады.

Кейін облыс әкімі жоғарғы оқу орнының бас ғимаратында оқытушылар және студенттермен кездесу өткізді. Ол сөз әлқиссасын Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың "Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын?" деген қанатты сөзімен бастады.

— Егерде жастарға бар жағдай-



ды жасамасақ, елін сүйетін патриот қайдан шығады? Алаш ардақтысының айтпақ ойы осы еді. Бүгін университеттің бірнеше корпусын аралап шықтым. Сіздердің білім алуларыңызға барлық жағдай жасалған. Шеберліктеріңізді шыңдап қайту үшін шет елдерге де жол ашық. Оқыту-

шылар құрамы білікті, жоғары білімді профессорлармен жасақталыпты. Университет түлектерін жұмысқа орналастыру көрсеткіші 82 пайызға тең. Бұл жақсы көрсеткіш. Десек те, аталған бағыттағы жұмысты әлі де күшейту керек, — деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

4G/LTE коммерциялық іске қосу екі айдың ішінде "Кселл" желісінде рекордты 23 млн Гб дерек табысталуын қамтамасыз етті

4G/LTE желісін коммерциялық іске қосқаннан кейін "Кселл" компаниясының абоненттері қыркүйек және қазан айларында, төртінші буынды желіде деректерді табыстау қызметтерін тұтынуды ұлғайтып, 23 миллион гигабайттан астам деректерді қолданды.



4G/LTE желісін іске қосу Kcell және activ абоненттеріне деректерді табыстау жылдамдығын ұлғайтуға мүмкіндік берді, сондықтан осы желі коммерциялық іске қосылған сәттен бастап екі айдың ішінде интернет-трафиктің көлемі рекордтық көрсеткішке жетті. Қыркүйекте бүкіл Қазақстан бойынша интернет-трафиктің көлемі 11 млн Гб асты, ал қазанда тұтыну 12 млн гигабайтқа ұлғайды.

Мобильді байланыстың төртінші буыны мобильді Интернеттің жылдамдығын айтарлықтай көтерді. Компания деректеріне сәйкес, қазанда 13 қалада іске қосылған "Кселл" 4G/LTE желісіндегі интернеттің максималды жылдамдығы 75 Мбит/сек жетті.

"Біз өзіміздің абоненттерімізден 4G/LTE ұсынатын жылдамдыққа және қызметтерге орасан зор қажеттілікті көріп отырмыз. 1,4 миллионнан астам бірегей LTE-пайдаланушылар ақпаннан бастап қазіргі уақыт аралығында біздің компаниямыздың төртінші буынды желісі арқылы интернетке жоқ дегенде бір мәрте шықты. 4G/LTE желісі коммерциялық іске қосылғаннан бері үш айдың ішінде біз үлкен жұмыстар атқардық. Қазір біздің төртінші буынды желіміз 13 қалада қолжетімді, бұл халықтың 26% жабады, ал максималды жылдамдығы 75 Мбит/сек құрады. Біз барын-

ша көп абоненттеріміз 4G/LTE жылдамдықтарында коммуникацияның жаңа мүмкіндіктерін қолданып көргенін қалаймыз. Бұл үшін біз "Престиж" тарифтік жоспарлар сызығында 4G желісіндегі лимитсіз интернетті пайдалану мүмкіндігін, сонымен қатар "mobi music"-те музыка тыңдауға және жүктеп алуға немесе "Bookmate"-те кітап жүктеп алуға лимитсіз мүмкіндік ұсындық", — деп атап өтті Арти Отс, "Кселл" АҚ бас атқарушы директоры.

Деректерді табыстау қызметтерінің сапасын бақылау — "Кселл" компаниясының басым міндеттерінің бірі болып қалады. Сондықтан Интернет байланыстың, сонымен қатар дауыстық қызметтердің сапасын өлшеу бүкіл Қазақстан бойынша жылына бірнеше рет өткізіледі. Соңғы тестілеу көрсеткендей, 3G желісіндегі мобильді Интернет жылдамдығының ең биік мәні 28 Мбит/сек жетті. Алматының айналасында, Боралдайда және Бағанашылда, сонымен қатар серіктес-қала Талғарда өткізілген "Кселл" дауыстық байланыс сапасының өлшемдері POLQA (ағылш. Perceptual Objective Listening Quality Assessment — Сөйлеудің естілетін сапасын бағалау) халықаралық стандарты бойынша максималды 5 баллдан 4,4 баллды көрсетті.

*Акциялардың әрекет ету мерзімдерімен және шарттарымен www.kcell.kz және www.activ.kz сайттарында танысуға болады.

"28 панфиловшы" фильмін тегін көрді



Қымбат ДОСЖАНОВА

"Арман 3D" кинотеатры облыс орталығындағы "МАРТ" сауда, ойын-сауық орталығында орналасқан. Жетпіске жуық балғын кинотеатрға көтеріңкі көңіл күймен жиналды. 28 панфиловшының ерлігін баяндайтын кинокартина бәріне ұнаса керек. Бір жарым сағат бойы тапжылмастан тамашалады.

— Маған фильм ұнады. Патриотизмді дәріптейтін туынды. Жауынгерлер Отаны үшін қасық қандары қалғанша күресті. Олар ұлтқа қарап бөлінген жоқ. Кейінгі ұрпақтың болашағы үшін бір жұдырық болып жұмыла кірісті. Намысшыл аға, аталарымыздың арқасында біз бүгінгі бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Ерлік ешқашан ұмытылмайтынына тағы бір мәрте көзім жетті, — деді облыстық балалар үйінің тәрбиеленушісі, 10-сынып оқушысы Евгений Ковочко.

"28 панфиловшы" фильмінде 1941 жылдың күзіндегі кеңес әскерінің неміс басқыншыларына тойтарыс берген сәті суреттеледі. Әскери, драма жанрындағы туындыға Ұлы Отан соғысының ардагері Михаил Подольков жақсы бағасын берді.

— Ұлы Отан соғысы жылдарын еске алудың өзі қорқынышты. Мына фильмде бәрі шынайы шыққан. Қазақстанда жасақталған, генерал-майор И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы Мәскеу

Қостанай облыстық және Рудный қалалық балалар үйлерінің тәрбиеленушілері "Арман 3D" кинотеатрында "28 панфиловшы" фильмін тегін көрді. Аталған қайырымдылық шарасын "Нұр Отан" партиясы Қостанай облыстық филиалы "25 жұлдызды күн" және "Ризашылық" акциялары шеңберінде ұйымдастырды.

түбіндегі Волоколам тас жолын қорғады. Бұл — тарихи шындық. Соңғы жылдары 28 гвардияшы-панфиловшылардың болғанына күмәнмен қарайтындар шықты. Аңыз ба, әлде ақиқат па деген көзқарастар тайталаса бастады. Мен білетін бір ақиқат бар. Ол — жауынгерлердің Отанға деген шексіз махаббаты, — деді ҰОС ардагері М.Подольков.

Қайырымдылық мақсаттағы көрсетілімге Қостанай қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Юрий Харьков, запастағы генерал-майор Михаил Дәуенов, ҰОС ардагері Михаил Подольков қатысты.

— Бұл фильмнің Қазақстанға тікелей қатысы бар. Генерал-майор И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы Алматыда жасақталған. Қазақстандық жауынгерлер Ұлы Отан соғысы тарихында қайталанбас ерлік жасап, жаудың болат құрсаңған машиналарына төтеп берді. Бұл фильм жастарды Отанды қорғауға шақырады. Бізге дейін талай ержүрек батырларымыздың болғанын дәлелдей түседі. Қазіргі жастар жаңа дәуірдің ұрпағы. Қазақстандық патриотизмді балалардың бойына дарытуды отбасында бастау керек, — деді запастағы генерал-майор М.Дәуенов.

Суретті түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



Қазынасы артып, Қостанай облысына



**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін, шөбі шүйгін, суы мол мекен іздеген Асан қайғы Торғай өзенін көргенде: «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен», – депті. Бұл – бүгінгі астықтың астанасы, жері бай, көдесі май Қостанай облысы. Қостанай – астығымен, кенімен, өндірісімен даңқын алысқа асырған өңір. Республикадағы астықтың төрттен бірін қостанайлық диқандар өсіреді. Экспортқа шығарылатын ұнның тағы сондай көлемі біздегі өңдеу кәсіпорындарына тиесілі. Қостанай – республикадағы машина өндірісінің көшбасшысы. «АгроМашХолдинг» және «СарыарқаАвтоПром» зауыттарында «Ssang Yong», «Toyota», «Iveco» секілді әлемді аузына қаратқан брендтер құрастырылады. Тәуелсіздік алған жылдан бері ауыл шаруашылық саласы 23 мың техникамен жаңарған. Үстіміздегі жылы 1200 дана техника жаңадан сатып алынды. Осы мақсатқа 15 млрд. теңге жұмсалды. Мал шаруашылығы, шағын және орта бизнес жылдағы қарқынмен дамып келеді.



Тағдырлы тарих

Тобыл топырағы – небір алмағайып оқиғалардың куәсі. XX ғасырдың қазаққа көрсеткен құқайының барлығы да Қостанай өңірінен айналып өткен жоқ. Тарихқа шегініс жасасақ, бабаларымыз ертеден мал, егін шаруашылығымен айналысты. Бұған андроновтықтар өзен жағалауларына бау-бақша салып, одан үлкен өнім алып отырғаны дәлел. Қазіргі Рудный қаласының маңындағы Алексеевка өңірінде алғашқы бидай өсіріліпті-міс. Обаған көлінен ежелгі дәуірлерді таныстыратын бірнеше тұрақтар табылды. Лисаков қаласындағы Жоғарғы Тобыл тарихи-өлкетану музейінде қола дәуірінің 400-ден аса жәдігері тұр. Мамандардың айтуынша, бұл Қазақстандағы қола дәуірінің құмыраларын ең көп жинаған музей болса керек. Беріге келсек, «Ақтабан шұбырындының» екінші кезеңі, қала берді, 1916 жылғы халық қозғалысын бастан өткерді. Кейін патша жарлығына сай, «Уақытша ереже» бойынша 4 облыс құрылды: Орал, Торғай, Ақмола және Семей. Торғай облысына бұрынғы «Орынбор қырғыздары облысының» көп бөлігі кірді. Белгілі деректерге сүйенсек, Торғай облысының ұйымдастырылуы 1869 жылдың 11 ақпанында аяқталды. Аймақтың солтүстік бөлігі Николаев уезі болып құрылды, ал оңтүстігінде Торғай уезі орналасты. Айта кетейік, дәл осы жылдың маусымында Ыбырай Алтынсарин уездік басқарманың іс жүргізушілік қызметіне, ауыстырылады. 1879 жылы облыстық оқу инспекторы болып тағайындалады. Ұлт ұстазының Тобыл-Торғай жеріне сепкен білім дәні осылай басталды. Алты жылдан соң қалада алғашқы дәріхана ашылған екен. 1913 жылы Қостанай мен Оралды байланыстыратын теміржол салынған. Міне, осы уақыттан бастап облыс құрудың алғышарттары жасалына бастады.

Отызыншы жылдардың ортасында бұрын Ақтөбе облысына қараған Қостанай жеке облыс болып бөлініп шықты. Қазақ Автономиялы Республикасының өкілдері Мәскеуге хат жолдады. Ол хатта Қостанай облысын жеке облыс ретінде құруға рұқсат сұрады. Соның нәтижесінде 1936 жылы 29 шілдеде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Қостанай облысын құру туралы жарлыққа қол қойды.

Сұрапыл соғыс жылдарында майдан шебіндегі басты көзін болған Сталинградтың № 7 әскери-авиациялық мектебі Қостанайда орналастырылды. Осы оқу орнының 65 түлегі Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Тың және тыңайған жерлерді игеру ел экономикасына елеулі өзгерістер әкелді. 1954 жылдан 1960 жылға дейін Қостанай облысында 4,3 млн гектар жер игерілді. Осы уақыттардан бастап біздің облыстан Социалистік Еңбек Ерлері шыға бастады. Солардың арасында Жансұлтан Демеев, Иван Рудской, Кәмшат Дөненбаева сияқты мақтаныштарымыз бар. Бұл жылдар ішінде Қостанай облысы көп нәрсеге қол жеткізді. Жаңадан құрылған кәсіпорындардың көбі жылдық жоспарды орындай алды және тауарды дұрыс орнықтырды. «Ремдортехника» бірлестігі, «Большевичка» фабрикасы, қаладағы балық зауыты елге таныла бастады.

Өңірдің өзегі — өндіріс

Бүгінде облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 90-нан аса өнім түрін өндіреді. Оның арасында темір жентегі, электр энергиясы, алтын құймасы, асбесттен бастап, кондитер бұйымдарына дейін бар. 1993 жылмен салыстырғанда облыстағы жалпы өнім ану айтарлықтай өсіпті.



ҚҰТЫ АСҚАН МЕКЕН

– 80 ЖЫЛ

Астық даласының абызы атанған ғалым-агроном Валентин Двуреченскийдің есімі бұл күнде облыстан сырт жерлерге де аса танымал. Өйткені, оның «ылғал сақтау» немесе «нөлдік» деп аталатын технологиясы байлыққа бастар кереметтің нақ өзі екенін бәрі біледі. Облыста темірден басқа күміс, алтын, боксит, асбест, құба көмір, тағы басқа кен түрлері өндіріледі. 1965 жылы салынған Жітіқара асбест комбинаты – Қазақстандағы хризотил-асбест өндіруші жалғыз кәсіпорын. Кен алыбы Соколов-Сарыбай комбинаты қашаннан республика индустриясының ту ұстаушысы болып келеді. Қазақстандағы темір кенінің 90 пайызын Қостанай облысы береді. Қазір кен орны жиырма мың адамға жұмыс беріп отыр. Соңғы жылдары мұнда бірнеше инвестициялық жобалар жүзеге асырылды. Ал, қазір Сайран Бұқанов басқаратын «Қарқын», Борис Князев жетекшілік ететін «Алтынсарин», Олег Даниленконың «Диеві» сияқты көптеген шаруашылықтар бидай және басқа да дәнді дақылдар өндіруде мол тәжірибе жинақтап келеді. Соның нәтижесінде республика сыртқа шығаратын астық пен ұнның 34 пайызын Қостанай облысының бидайы құрайды.

Облыста соңғы жылдары құс шаруашылығы даму үстінде. 2011 жылы Арқалық қаласында «Агроинтерптица» құс фабрикасы бой көтерді. Ол қазір жылына 300 миллион дана жұмыртқа өндіреді. Сондай-ақ, Рудный қаласындағы «Жас қанат-2006», Қостанай ауданындағы «Жас қанат» бройлер құс фабрикасы, Қарабалық ауданындағы «Комсомол құс фабрикасы» кәсіпорындары жылына 14 мың тонна құс етін, 65 миллион жұмыртқа өндіріп отыр.

Еңбегі еленгендер

Ұлт руханиятының бәйтерегі Ыбырай мен Шокан десек, одан беріде бұл топырақта әліппенің атасы Ахмет Байтұрсынов өсті. Оның соңынан ерген Алаштың ардалары Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Әліби Жангелдин, батырлар Амангелді Иманов, Кейкі Көкембайұлы – осы жердің тумасы. Қазақ әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі Бейімбет Майлин, ақын Мәриям Хакімжанова, қазақ театры өнерінің негізін қалаушылар Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, қоғам және мемлекет қайраткері Лияс Омаров, аса ірі ғалымдар Манаш Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазин, ақын-жазушылар Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Спандияр Көбеев, Петр Черныш, композитор Бақытжан Байқадамов болып жалғаса береді...

Қостанай өңірінің спорты туралы әңгіме тіптен бөлек. Сергей Беляев 1996 жылы нысана көздеуден Олимпиаданың екі мәрте күміс жүлдегері болса, грек-рим күресінен Сергей Матвиенко әлем чемпионы атанды. Ал биыл аса ауыр салмақтағы боксшы Иван Дычко Рио-Де Жанейрода қоладан алқа тағып, еліміздің спорт даңқын асыруға үлес қосты. Облыстық шахмат мектебінің тарихы тереңде. Халықаралық гроссмейстерлер жақсы пікір білдірген Анатолий Уфимцев – әлемге

әйгілі шахмат теоретиктерінің бірі. Осы клубтың жас шахматшысы Диана Асаубаева жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атанды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап облыста 600-ге тарта Қазақстан спорт шеберлері және жүзден аса халықаралық спорт шеберлері дайындалған өңірдің әлі де ел спортының дамуына үлес қосары сөзсіз.

Қазыналы өңірдің қадамдары

Тағы бір жетістігіміз, 1951 жылы Қостанайда ғалымдар суыққа да, жұмысқа да төзімді, ұзын аяқты, алысқа шабатын Қостанай жылқысының тұқымын шығарды. Қазір «Қазақ тұлпарының» жылқылары ат спортынан өтетін халықаралық жарыстарда, арнайы көрмелерде талай жүлдені қанжығаға байлап келіп жүр. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Нәбидолла Кикебаев бастаған ғалымдар тұяғы қазақ даласын дүбірлеткен қазанатын қайта оралту үшін ғылыми жұмыстар жүргізіп келеді.

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті облыстағы білім беру көшбасшысына айналған. Үстіміздегі жылы мұнда әскери кафедра ашылып, оқу орнының беделі одан әрі арта түсті. Облыста бой көтерген биік үйлер, жана ауруханалар, мектептер, балабақшалар дамыған экономиканың айнасы іспетті. Ауруханалардың медициналық заманауи құралдармен жабдықталуы соңғы жылдары едәуір көбейді. Сонымен қатар, шалғай аудандар дәрігерлері күрделі операциялар жасаған кезде заманауи бейнежабдықтар арқылы облыстық ауруханадағы әріптестерінен кеңестер алып отырады. Бұл да айтарлықтай жетістік. Науырзым қорығы 2008 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұрасы тізіміне кірді. Қорықтың және жалпы облыс аумағы табиғатының фаунасы да, флорасы да аса бай. Мұнда аңның 44, құстардың 282 түрі мекендейді. Балықтың он шақты түрі бар.

Қазынаға бай Қостанайдың өмірі де берекелі. Мұнда түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық-мәдени орталығы бар. Олар мемлекеттік тілді үйренумен қатар, өз ана тілін, салт-дәстүрін ұмытпау үшін түрлі шаралар өткізеді. Елбасы Н.Назарбаев биыл іс-сапармен Қостанайда болып, ел экономикасын көтеру жолында тер төгіп, молшылық жасап жүрген облыс жұртшылығына алғысын жеткізді. 5,6 миллион тонна астық алған дикандарға жоғары баға берді. Қостанай бұйығы тірлігімен, ынтымақ-бірлігімен қарқынды дамып, қауқары артып келе жатқан аймақ. Құт дарыған Қостанайда ілгері істер жалғасын таба бермек.

Материал «Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» ММ тапсырысымен дайындалды.

Суреттер газет мұрағатынан алынды.



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – 175 ЖЫЛ



Ұлт болашағының бағыты

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол әсіресе қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Оған 1860 жылы Орынбор бекінісінде Торғай қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады, әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгіленеді. Ыбырай атамның өзінің бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогтік қызметі осылай басталды. Ол тікелей өзінің араласуымен халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салдырды. Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады. Оларды оқу-құралдармен жабдықтады. Әсіресе, қазақ халқының көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгідегі білім беру тәсілін ұсынады. 1888 жылы 10 сәуірде Омбыда бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады. Ыбырай Алтынсарин мұнан кейін қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіпті, Қостанайдан ашылатын ауыл шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет

қалдырады. Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп-интернат аштыруының тарихи мән-маңызы зор болды. "Қазақ хрестоматиясы" атты оқулық, "Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы" атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы жастарды отансүйгіштікке, еңбекке, адам-



гершілікке тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән-мағынасын жоймасы анық. Тек қана оқу-ағарту жұмыстары емес, ұстаз сонымен бірге сол кездегі қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласып, ғылым-білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазған.

Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ

тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы өз заманының өзекті мәселелерін көтеруге күш салды. Ыбырай мектеп ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады.

"Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. – Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды". Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді.

Елдігіміздің көпшілігі, мемлекетіміздің қауіпсіздігі, мемлекеттік тілдің бағы жануы, қоғамда ұлтаралық сыйластық, ынтымақ пен бірлік сақталуының алғышарттарының бірі – қазақ мектебінің қуатты болуы екендігі дау тудырмас ақиқат. Сондықтан мыңдаған жылдар бойы тірнектеп жиған халықтың рухани мол мұрасы әлемдік озық үлгілермен астасып, бүкіл оқу-тәрбие беру қызметіне негіз болуын ойластыру қажет. Қазіргі заманымыздың талабы осы.

Шолпан ОРЫНБАЕВА.
Лисаков қаласы.

Даланың дара ұстазы



Ы.Алтынсарин – қазақтың біртуар азаматтарының бірі. Ұлы педагог, ағартушы, балалар әдебиетінің атасы, қазақ халқының дара ұстазы Ы.Алтынсарин 1841 жылдың 20 қазанында дүниеге келді. Биылғы жылы ұлы бабамыз 175 жасқа толып отыр. Педагогтың мерейлі мерейтойын Қазақстан бойынша атап өтуде. Осы мерейлі тойдан Ы.Алтынсарин атын дағды Обаған орта мектебі де тысқары қалмады. Аудан мектептері мұғалімдеріне арналған ашық, коучинг сабақтары өтті, оқушылар арасында Ыбырай оқулары, Ыбырай әңгімелерінен сахналық көрініс, көрме ұйымдастырылды. Елімізге есімдері танымал ақын-жазушылар Серікбай Оспанов, Нағашыбай Мұқатов, Қуаныш Орманов сынды ағаларымыз шақырылып, оқушылар және ұстаздардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Бұл аталған іс-шаралармен жұмыс тоқталған жоқ. Атамыздың туған күні қарсаңында Щербаков орта мектебіндегі мұражайына, Щербаков ауылындағы ескерткішіне, Ыбырай құдығына және кесенесіне барып тағзым жасадық. Мектеп оқушыларына арналып семинар өтті.

Өз заманының беделді адамы, тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин қазақ елі үшін өшпес мұра қалдырды. Атасы Балғожа биден тағылымы мол, терең тәрбие алған Ыбырай жан жүрегімен баланы жақсы көре білген. Өнер-білімнің қандай жолға апаратынын, қандай мақсатқа жетелейтінін сол кезде түсінген дара ұстаздың қазақ балалары үшін ашқан

әрбір мектебі балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, тәрбиені де қоса бере білген. Қазақ қыздарына қамқорлық танытып, қыз балалар оқитын мектеп-интернаттың да салғызды. Қазақ хрестоматиясы оқулығы қазақ балалары үшін таптырмас білім көзі, нәрі болды. Өлеңдері мен әңгімелері тәлім-тәрбиеге толы. Бұл шығармалардың әрқайсысы татулыққа, бірлікке, ынтымаққа, білімге, оқуға, қайырымдылыққа, адамгершілікке шақырады. Жазған әр әңгімесінде терең ой бар. Қазақтың жанашыры, елім, ұлтым деп соққан жүрегі қазақ балаларының ешкімнен кем болмауын, қазақ елінің басқа елдермен тереңірек тең мемлекет болуын аңсаған. Арада қаншама жыл өтсе де Ы.Алтынсариннің аты мәңгіге, әр қазақтың жүрегінде қалуы тиіс деп ойлаймын. Ыбырай Алтынсариннің аруағы алдында қарыздармыз, өйткені ол бізді оқуға шақырып, қазақ балалары үшін мектеп ашып, бізді біріктіріп, қараңғылықтың не екенін біліп, күн сәулесіне көз ашып, білімнің не екенін түсіндірді, білімнің маңызылығы мен қажеттілігін көрсетті.

Қазіргі таңда Ы.Алтынсариннің есімі берілген мектептер, жоғарғы оқу орындары, көше, аудан, ауылдар өте көп. Бұл бабамызға деген үлкен құрмет деп білемін.

А. ИБРАЕВА,
Ы. Алтынсарин атындағы
Обаған орта мектебінің
директоры.

Алтынсарин ауданы.

Эссе "Кел, балалар, оқылық!" өлеңінің өміршеңдігі



Мен де бір Аллаға сыйынып, атамның өлеңдерін оқып келемін. "Кел, балалар, оқылық!" өлеңін бала-бақшадан естіп, балбөбек кезімнен жаттап келе жатқан сүйікті өлеңім.

Ұстаз атамның қазақтың қара домалақтарын оқу-білімге шақыру үшін шығарған өлеңі. Қаладан қарапайым ауылға келген жас ұстаз еді. Оқуға тарту үшін ат арбамен ауыл аралап, он төрт баланы жинап, қыстың қақаған аязына қарамай мектеп ашып, оқуға тартқан жоқ па?

Кеше ғана бастауышпен қош айтысып, бүгінде бесінші сыныпта оқимын. Бастауышта алғаш сабақ берген Алтын, Гулгаш апайларға алғысым шексіз, оларға

күнде айта беретін шағымды орта буынға өткенде азайтады екенсің. Аты да, заты да таныс емес пәндер қосылды. Ыбырай атамның "Оқығанды көңілге, ықыласпен тоқылық" деген өлең жолдары мен айтқан мысалдармен сабақтасып жатқандай... Бастауыштағы сабақ берген апайларымды айтқан себебім, "Кел, балалар, оқылық" деп олар да Ыбырай атамның ізімен көше бойы үйлерді аралап, ұстаздық жолын ұстанып, алпыс шақты баланы оқуға шақырды.

Сабақтарда "Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған" деп Ыбырай атамның тағылымы мол әңгімелерін ұстазымыз айтты, бізді білімге, еңбекке үндеп,

сабамызға түсірген кездері де болды.

"Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас, Жайылып жүрген айуандай, Ақ, қараны танымас. Аяңшыл ат арымас, Білім деген қарымас", – деп Ыбырай атамның қазіргі XXI ғасырда бізге "білім алып, білікті маман, еліңнің нағыз азаматы бол, өнер-білім кумасаң, ақ-қараны ажырата алмай қаласың, надан боласың" дегендей. Оқи түссеңіз Ыбырай атамның өлеңі қазіргі уақытпен үндесіп тұрғандай. Ұлы ұстаз атамның басқа да өлеңдері өміршең. Ақ қағаз бетіне бәрін сыйдырып жаза да алмайсың. Алдағы уақытта әр өлеңін зерттегім келеді. Енді мына өлең жолымен эссеімді тәмамдасам деймін. "Жөн білмеген наданға, Қыдыр ата дарымас". Осы жолдарына үңілсек, "оқушылар оқыма-сандар, ізденбесеңдер, жаратушы иеміз, ата-бабамыздың рухы риза болмайды" деп тұрғандай. Ендеше, Ыбырай атам өз қолымен қалаған мектептің шәкірті болғандықтан, өлеңдерін мәнерлеп оқып, жаттап қана қоймай мазмұнына зер салып отыруды міндетім деп санаймын.

Жамбыл НҰРАЛЫ,
Ы.Алтынсарин орта
мектебінің оқушысы.
Жанкелдин ауданы.



Қарап отырсаңыз, әр тарихи кезең не болмаса әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды ұлдарын жарыққа шығаратынын аңғарған боларсыздар. Алаштың ардақты ұлдарын алайық, Ахмет, Міржақып, одан бері Сәкен, Бейімбет, Илияс үш арыс ше? Қай-қайсысын алмайық, әрқайсысы да өз уақытының, заманының тұлғасы. Олардың өшпес

арнаған әдеби туындыларында оқу-білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті. Оқу-білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін терең сөзінді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға

ынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты да ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің туғанына 175 жасқа толуын атап өтуді назардан тыс қалдырған жоқ. Өңір мұғалімдеріне институтта ұйымдастырылған курс сабақтарында, оқыту семинарларында Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары, білім мазмұнындағы пәндік

Уақытпен үндескен тұлға

мұрасы, тағылымы жаңарып, жетіліп, жаңа қырынан баға беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпалын тигізіп келеді. Халқымыздың сондай алып тұлғаларының бірі, ағартушы-педагог – Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл ағартушы ғана емес, халқымыздың інжуидей асыл жырлары мен тәрбиеге толы аңыз әңгімелерін жете білген, соның барлығы түптеп келгенде әңгімелеріне негіз болды деп айтуға болады. Ыбырай Алтынсарин атамыз қазақтың қара домалақтарын білім алуға шақырып, заманадан кенже қалмауын, ұлт келешегін ойлап мектептер ашты.

Өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Оның әрбір әңгімесі жас өркендерімізді тәрбиелі, еңбекқор, өнегелі болуға үндейді. Сол кездегі жазған әңгімелері бүгінгі күні де маңызды. Ы.Алтынсариннің бұл тәрбиелік идеясы қазіргі кезде де ауадай қажет екендігі белгілі.

Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы "Қазақ хрестоматиясы" (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңімен ашылды. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде "Сөз басы" деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер "Кел, балалар, оқылық", "Өнер-білім бар жұрттар" деген атаулармен мәлім. Ол халық ағарту ісіне

сіңіруге шақырды. Ы.Алтынсарин сол кездің өзінде де оқытуды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы игертіп, тілді үйренудің де өзекті мәселе екендігіне ерекше мән берген.

"Өнер-білім бар жұрттар" өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді ("Сарай салғызды", "Айшылық алыс жер", "Көзінді ашып жұмғанша", "Құстай ұшу", "Балықтай жүзу", "Өнер – жігіт көркі", "Сіздерге бердім батамды" т.б.). Бұл өлеңнен біз қазіргі ақпараттандыру әлемін, техниканың шарықтаған шағын, "жылдам хабар алғызған" желілік байланысты көріп отырмыз. Ыбырай Алтынсариннің бірқатар өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жігіттер" тәрізді өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық-қарлықты, астамсу, әділетсіздікті сынап, ескі салттардың зияндығын көрсетіп, адал еңбектің, адамгершілік мінез-құлықтың артықшылықтарын бейнелейді. Ұлағатты ұстаздың өз дәуірінде білім беру саласындағы жаңалығы сол, мұғалімдер балаларды оқытқанда оларға түсінікті нәрселерді үйретуден бастау керек, жеңілден күрделіге қарай оқыту жүйесі сол секілді жас ерекшеліктері мен қабілеттері ескерілуі керектігі жайлы айтқаны бүгінгі күні де өзекті. Сондықтан да "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының филиалы Қостанай облысы бой-

тәсіл принциптері, еңбек пен рухани тәрбие (Ыбырай әңгімелері бойынша), Алтынсариннің әдеби мұрасындағы оқыту мен тәрбиенің дидактикалық қағидалары секілді мәселелер қамтылып дәрістер оқылды. Практикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Сонымен бірге облысымыздағы Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық мұражайымен бірлесіп "Ы. Алтынсарин – педагог, ағартушы" көрме мен оқулары өтті. Ұстаздарымыз Ыбырайтанушы ғалым ағаларымызбен кездесті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ұлы ұстаздың туғанына 175 жыл толуына байланысты халықаралық конференция өткізгенді. Осы үлкен жиынның мақсаты – Ы.Алтынсариннің педагогтік мұрасын зерделеу бойынша тәжірибе алмасу, оның идеяларын қазіргі білім беру жүйесінде жүзеге асыру.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин – ағартушы-педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың, тіл тазалығы үшін күрескендердің бірі. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми-зерттеу еңбегінде "XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушысы дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор", – деп баға берді.

Ж.КӨПЖАСАРОВА.



Сахнада – Ыбырай әңгімелері



"Өнер-білім бар жұрттар" деп өнер мен білімнің шыңын бағындыруды мақсат тұтқан тұңғыш педагогымыз Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығына орай аудандық орталық балалар кітапханасы "Ұлы тұлға – Ы. Алтынсарин" атты әдеби-сазды қойылым өткізді. Іс-шараға ауданымыздың Ы Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 2-сынып оқушылары және сынып жетекшісі Гүлмира Кеңесқызы атсалысты.

Ұлылар ұлағатын үлгі еткен білікті ұстаздар мен білімді жастар Ыбырай әлемін асқақтатып, шығармаларын талдап, өлеңдерін оқыды. Кітапхана мамандары оқушылармен бірлесіп жас оқырмандарға әңгіме жанрының ерекшелігін айта отырып, Ы.Алтынса-

рин әңгімелерінің тақырыптарын, идеясын, қоғамдық мәнін түсіндіру, мазмұны, шынайы өмірден алынғандығына назар аударту, әңгіме кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін талдау арқылы адамгершілікке, адалдыққа, мейірімділікке, қамқорлыққа шақыру, тарту мақсатында Ұлы ұстаздың "Жан-жануарлардың таласуы", "Малды пайдаға жарату" атты әңгімелерінен қойылым қойды. Оқушылар өздерінің кейіпкерлерін бар ынтасымен ойнады. Міне, осындай тәрбиелік мәні бар шарамыз арқылы оқушыларды әр істі ойлап ақылмен жасауға, кішіге қамқор болуға, ата-анасын сыйлап құрмет тұтуға, еңбекқор болуға шақырамыз сөзсіз. Ал, тұңғыш ұлт ұстазының әдебиет әлемімен енді танысқан оқырмандар Алтынса-

риннің таза да мөлдір, көусар бұлағынан рухани күш-жігер алып тарқасты. Ыбырай атамның әңгімелері әлеміне саяхат жасаған жас көрермендер мен қатысушыларымыз зор қызығушылықпен тыңдап, өздерінің пікірлерімен бөлісті. Оқушылар өздері дайындаған әңбилерін ұсынды. Кеш соңында кітапхана директоры Рая Әлмамбетова сөз сөйлеп, мектеп оқушыларына және ұстаздарға алғысын білдірді. Қойылымға қатысқан оқушыларға сыйлыққа кітаптарды тарту етті.

Зарина МҰСАБАЕВА,
аудандық орталық балалар кітапханасының меңгерушісі.
Аманкелді ауданы.

Айқарма бет
"Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" ММ
тапсырмасымен дайындалды.
Әзірлеген Г.Сағитова




Жанұзақ АЯЗБЕКОВ



ЕЛ МЕРЕЙІ –



барлық экотехнологияларды жұмыс істеп тұрған жағдайда толыққанды көрсететін боламыз дейді компания ма-



көрініп тұр.

Дияс Әзбергенов (департамент басшысы):

Көрмеге қатысатын мемлекеттің адамдарына уақытша тұру үшін көрме қалашығы аумағында 42 жалға берілетін заманауи тұрғын үй салынды. Онда 1374 пәтер бар. Орта есеппен пәтердің жалдау ақысы айына 577 мыңнан 1 миллион 78 мың теңгеге дейін. Бұл ақыға тұрмыстық қызметтің көрсетілетін көптеген түрлері, мысалы кір-қонды жуу, көлік тұрағына дейінгі қызметтер кіреді. Отбасымен келіп қызмет ететіндерге барлық қолайлы жағдай жасалған. Демалыс және спорт, балалар ойнайтын алаңдар бар. Мысалы, Франция комиссары өз отбасымен келіп тұрмақ. Көрме толық аяқталысымен бұл пәтерлер заң талаптарына сәйкес азаматтарға сатылып, үй салуға жұмсалған шығын мемлекетке өтелмек. Қазір осы құрылысқа 40 миллиард теңге жұмсалыпты.

Көрме аяқталғаннан кейін салынған павильондар мен басқа да нысандар жандана түспек. "ЭКСПО-2017" жоғары технологиялық инфрақұрылым базасында ерекше мәртебеге ие "Астана" қаржы орталығы құрылады.

Жалпы қазақстанның барлық өңірінен келген әріптестеріміздің көкейіндегі күпті сауал: көрме кеткен шығынды ақтай ма? Елімізге нақты қандай пайда әкелмек? "Picos President Astana" қонақжайының ORDA залында "Астана Экспо-2017" Ұлттық компаниясы басшылары пресс тур журналистерімен баспасөз мәслихатында осындай сауалдарға да жауап берді. Компания төрағасының орынбасары Әлішер Пірметов көрме хақында жалпы сипаттама-түсінік берді.



– Көрмеге дайындық жұмыстары белгіленген кесте бойынша жүргізіліп, көздеген межелерге жетіп келеміз. Негізгі нысандардың құрылысы аяқталды. Көрмеге қатысатын елдердің алғашқылары осы желтоқсаннан орналасуды бастамақ ниетте, – деді ол. Бұл еліміздегі техника саласын дамытуға серпін береді. Қазақстанда балама энергия көздерін пайдаланатын аймақтар бар. Мысалы, Алматы қаласының маңында жер асты ыстық сулары бар, Жоңғар қақпасынан жел энергиясын алуға болады және Байқоңырдың орналасу траекториясы күн энергиясын алуға қолайлы жер. Көрмеден қаржылай пайда түспек. Мысалы, 2000 жылы Шанхайда өткен көрмеден түскен пайда 12 млрд \$ болса, Ганноверде өткен көрменің пайдасы 350 млн еуроға жеткен. Біздің мемлекетке де айтарлықтай пайданың болары анық, – дейді.

– Оның үстіне өзге елдермен достық қатынастарымыз нығаяды. Оған дәлел қазірдің өзінде Қазақстан Германия, Түркия, Үндістан тағы басқа да мемлекетімен көрмеге дайындықты бастап кетті. Айталық Германия елімізде құрылысқа белсене қатысып, жаңадан жұмыс орындары ашылуда. Астана қаласында қонақ үйлер салынуда. Бұл көрме аяқталғаннан кейін де қонақүйлеріміз пайда әкелмек. Жастарымызға ЭКСПО уақытында тегін тәжірибеден өтуге мүмкіндік туады. Ауқымы жағынан Олимпиада ойындары мен әлемдік футбол чемпионатынан кейінгі орында тұрған көрмені ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстан өткізгелі тұр.

– Астанаға 3 айдың ішінде 5 миллионға жуық адам келеді деп болжануда. Бұл миллиондардың ішінде инвесторлар да, туристер де, журналистер де болады. Сөйтіп, ЭКСПО халықаралық көрмесі Қазақстанның мәртебесін күллі әлемге паш етеді. Астана көрмесінде жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктердің бағы жанып кетеді деген үміт бар.



мандары.

– Мына шар – әлемдегі ең үлкен шар болатыны анық. Бұл біздің ғаламшар мен "Астана ЭКСПО-2017" көрмесінің нышаны. Мұндай ғажайып ғимарат жасау – президент Назарбаевтың идеясы – дейді мамандар бірауыздан. – Қазақ павильоны – орталық, оның айналасында – халықаралық павильондар. Бұл бірегей әрі сиқырлы шар жартылай шарлармен жабылып жарқылдайды және ол "теледидарға" айналғанда өз көзіңізге сенбей таңғалатын боласыз. Сонау ғарыштан да айқын көрінбек!

Бұл ғимаратта әлемдегі озық технологиялар мен қоса қазақтың тарихы мен мәдениетінің музейі паш етілмек. Сондай-ақ халықаралық, тақырыптық және корпоративтік павильондар, сауда – ойын-сауық орналасатын ғимараттарды көрдік.

Көрме аумағындағы нысандардың ішінде үйіріле салынған тұрғын үйлердің сыртқы келбеті бірден көз тартыды екен. Бірінен-бірі өткен, жұтынып тұр. Компаниядағы осы саланың өкілдері бізге бір үйге кіріп, пәтерлерді көріп шығыңыздар деп жол көрсетті. Шынында да пәтерлердің бір-екеуін аралап шықтық. Бөлмелері бөлек-бөлек, жарық, мұнтаздай таза. Ішінде төсек-орын, ас жабдықтары, тұрмысқа қажетті заттардың көпшілігі бар. Заманауи талапқа сай талғамнан шығатындай етіп жабдықталғаны



Офистегі әсерлі таныстырылымнан кейін бізді ЭКСПО-ның басты ғимараты – озық технологияларды пайдалану арқылы сфера түрінде салынған Қазақстанның ұлттық павильонына әкеліп көрсетті. Бұл шынында да бірегей құрылыс болып шықты. Мұның бірегейлігі – заманауи

ЭКСПО-2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтеді. Халықаралық көрмеде әрбір мемлекет өздерінің павильондарын 25 га жер көлеміне салуда.

Бұл көрмеге 5 млн-нан астам адам келеді деп жоспарлануда. Әрбір келген адам 130 \$ ақша әкелетінін ескерсек, түсетін пайда 520-910 млн.-ға дейін болмақ.

құрылыс технологиясымен (нанакерамика) салынғандығы. Биіктігі стандартты, сегіз метрлік көрме павильондарда арнайы саңылау-консольдер қалдырыпты. Кейіннен бұл осы павильонды екі қабатқа бөлуге мүмкіндік береді. Шетелдік құрылыс материалдары қыста суық өткізбейді, жазда ыстыққа төзімді әрі дыбыстарды оқшалайтын екі қабатты берік шыныдан тұрғызылыпты. Бұл жерде көрменің басты ұраны "жасыл технологияның" айқын бір көрінісі десе де болады. Көрме ғимараттарының төбелері күн батареяларымен жақталмақ. Кейбір құрылымда электр энергиясын өндіретін турбиналар орнатылып жатыр. Сондай-ақ, жер астынан жылу немесе салқындату технологиясы игерілуде. Біз көрме ашылғанда

"АСТАНА ЭКСПО-2017" !

Көрмеде не болмақ?

ЭКСПО – индустриалаудың символы. Техникалық жетістіктер мен техниканың өзін назарға салатын халықаралық көрме. "ЭКСПО" көрмесінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады.

EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады.



EXPO көрмесін миллиондаған туристер тамашалайды, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық өзіндік ерекшеліктерін танытатын және өздерінің экономикалық және

Көрменің басты тақырыбы – "Болашақ энергиясы". Сарқылмайтын энергия көздеріне жататын: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алудың әлемдегі алуан озық технологиялары таныстырылмақ. Сол сияқты қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруімен күрес, атмосфераға шығарылатын зиянды заттар көлемін қысқарту мәселесі қаралмақ. Әсіресе, осы орайда Қазақстанның ресурстары мен мүмкіндіктері паш етілмек.

технологиялық дамуының деңгейін бүкіл әлемге көрсететін бірегей павильон құруға ұмтылады.

Сонымен қатар, бүгінде павильондардың контенттік мазмұнына және тақырыпты ашу мәселесіне ерекше мән берілуде. Бұл ретте, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Германия, Польша, Қытай, Пәкістан, Үндістан, Жапония мен Израиль мемлекеттерінің ұлттық павильондарының экспозициясына тоқтала кетуге болады.



Жалпы, ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысушы мемлекеттер баламалы энергия көздерін пайдалану саласында өздерінің ең үздік технологияларын көрсететін болады.

Еліміздің түкпір-түкпірінен азы-кемі 4,5 мыңға жуық волонтерлер жиналуы керек-ті. Үш ауысыммен мың жарым адамнан әр ай сайын шараға қатысып, шетелдік қонақтарға бағыт-бағдар бермек. Негізгі талап бойынша қатысам деушілерге аса қатаң ереже жасалмаған. Өз көмек қолын созамын, үлес қосамын деуші 18 жастан асқан әрбір азамат ЭКСПО-2017 көрмесіне қатыса алады. Тек шектеулі жас 60-тан аспауы тиіс.

Көрменің қауіпсіздігіне де баса назар аударылып отыр. Қазірдің өзінен сақтық шаралары көзделіп, нысандарды күзету, құрылысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қолға алынған.

Жалпы келушілер санының 85%-ы қазақстандықтар, ал 15%-ы – шетелдік мемлекеттердің азаматтары, олардың көпшілігі ТМД және Қытай мемлекеттерінен келеді.

Сондай-ақ Еуропадан, Түркия мен АҚШ-тан туристер күтіледі.

Көрменің қандай пайдасы тимек?


ЭКСПО-2017 көрмесі Қазақстанның 25 жылда қандай үлкен жетістіктерге жеткенін күллі әлемге паш етеді. Қазақстан жыл сайын елге 20 млрд долларға жуық инвестиция тартылып, Азия мен Еуропаның арасындағы ерекше көпірдің рөлін атқармақ.

Көрмеден соң қалған павильондардың біразы ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, зерттеу институттары ретінде қолданылады. Бұл павильондардың негізінде "Зерттеу орталығы" құрылып, оны "Назарбаев университеті" АҚ-ына

Қазірдің өзінде 111 мемлекетпен 17 халықаралық ұйым көрмеге қатысатынын растады. Халықаралық павильондар құрылысы биылғы 31 қазанда аяқталды. Алғашқылардың қатарында 5 мемлекет: Франция, Германия, Венгрия, Түркия мен Қытай павильондарды қабылдап алды. 103 секция Комиссарлары тағайындалды, 89 қатысу келісім-шартына қол қойылды. 2017 жылдың 1 қаңтарында Экономикалық серіктестік және даму ұйымы мемлекеттері, Малайзия, Монако, ОАЭ, Сингапур, Литва, Мальта, Болгария, Румыния, Кипр мемлекеттері үшін визасыз режим іске қосылатын болады.

бекітіп береді.

Көрме аумағының бір бөлігін балалар, жасөспірімдер мен жастар үшін көңіл көтеру орындарына икемдеу бойынша ұсыныстар бар.



Көрме Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкелмек. Себебі, жолдар, инженерлік желілер, су, газ, көріз жолдары қаланың өсу бағыты бойынша салынууда.



Жеңіл рельсті трамвай жолдары салынып, сауда-саттық дамиды. Шағын және орта бизнес өркендейді. Және бұл көрме елдегі жаңашылдық рухты жанудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс берудің таптырмас тетігі.

Нұрсұлтан Назарбаев 2050 жылға дейінгі белгілеген стратегиясында Қазақстанды әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына қосу мақсатын көздеген болатын. Ал, ЭКСПО көрмесі – елімізді осы көзделген мақсатқа итермелеуші күш, нақты механизм деп айтуға болады.

ЭКСПО қонақтары мен туристері алдын ала көзделген жоспар бойынша Қостанай облысын "Тірі табиғатпен тілдесіп көр" девизімен 6 күн, 6 түн бойы мынандай маршрутпен араламақ: Астана-Қостанай-Рудный-Наурызым қорығы-Астана. Осы маршруттан облыстың әуелетін де, әлеуметімен де біршама танысып шығатын мүмкіндік болары анық.

Астанада өткен екі күндік баспасөз турынан "АСТАНА ЭКСПО-2017" халықаралық мамандандырылған көрмесі ел мерейін асырар елеулі уақиға болатынына көз жеткіздік.

Көрмелер таңғажайыптары

Телефон аппараты. Тұңғыш телефон аппараты 1876 жылы Филадельфиядағы Бүкіләлемдік көрмені таңқалдырған дүниеге айналды.

Фонограф. 1878 жылы Париждегі Бүкіләлемдік көрме кезінде фонографты (дыбысты жазуға және жаңғыртуға арналған құрылғы) таныстырғаннан кейін, оны ойлап тапқан Томас Эдисон үлкен танымалдыққа ие болды.

Айналаны шолу дөңгелегі. Тұңғыш айналаны шолу дөңгелегі 1893 жылы Чикагода өткен Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды.

Сыдырма ілгек. Алғашқы сыдырма ілгек аяқ киімге арналған болатын. Оны 1893 жылы Чикагодағы Бүкіләлемдік көрмеде Уитком Лео Джарсон көрсетті.

Рентген аппараты. Жұртшылыққа рентген сәулелерінің қасиеттері 1901 жылы Буффалодағы Бүкіләлемдік көрмеде паш етілді.

Нейлон. Кез келген матаны берік әрі созылғыш ететін жаңа синтетикалық материал – нейлонды көрсету 1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрмеде өтті.

Телехабар тарату. 1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрме өтіп жатқан уақытта АҚШ президенті Франклин Рузвельттің ЭКСПО-ны ашып жатқанын тікелей эфирде көрсетті.

Ұялы телефон. Тұңғыш ұялы телефонның алғашқы нұсқасы және ұялы байланыс технологиясы 1970 жылы Жапонияның Осака қаласындағы Бүкіләлемдік көрмеде қойылды.

Сенсорлық экран. Саусақтың басқанын сезетін экран алғашқы рет жұртшылыққа 1982 жылы Ноксвилдегі Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды.



● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ



ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы мен жеке құрамы Рудный қаласына арнайы келіп, мектеп және колледж бітіруші түлектермен кәсіби бағдар жұмысын өткізді.

бойынша 250 грант бөлініп отыр, – деді Мирлан Ахмедияұлы. Шара барысында академия курсанттары да сөз алып, курсанттық өмірдің қызықты тұстары

Елге – абырой, ерге – мерей

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Қырық бес жылдық тарихы бар қостанайлық академия – тәртіп сақшыларын даярлайтын еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі. Бүгінде мұнда 1000-ға тарта курсант "Педагогика-психология", "Әлеуметтік жұмыс", "Құқық қорғау қызметкері" мамандықтары бойынша білім алып келеді.

Кездесуде жастар полиция мамандығының ерекшеліктері мен жеңілдіктері, оқуға түсуге қойылатын басты талаптары жайлы академия мамандарының өз аузынан естіді. Академия басшысы, з.ғ.к., профессор Мирлан Қызылов жастардың сұрағына жауап бере отырып, спорт шеберлері дене шынықтыру емтиханынан

босатылатындығын алға тартты. Сондай-ақ, ол курсанттардың шығармашылық қабілеттері мен спорттық шеберлігін шыңдауға академияда барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

– Өткен оқу жылында кәсіби бағдар жұмыстары 10 мыңға жуық түлекті қамтыды. Соның нәтижесінде 1500 үміткер оқуға түсуге ниет білдіргенімен денсаулық жағдайлары бойынша 500-і ғана грант тағайындау конкурсына қатыса алды. Сондықтан мен денсаулығында мін жоқ, жан-жақты жастарды академияға оқуға шақырамын. 2017 жылы мемлекеттік тапсырыс

жайлы әңгімеледі. Кейін көрермендердің назарына оқу орнының өткені мен бүгіннен сыр шертетін бейнеролик ұсынылды.

Қостанайлық Академия 2015 жылдан бері Халықаралық полиция академиясының толыққанды мүшесі. Мұнда озат курсанттардың Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы және Волгоград қалаларында оқуын жалғастыруға мүмкіндіктері бар. Алда келе жатқан ЭКСПО көрмесінде Астанадағы қоғамдық тәртіпті күзетуге қостанайлық курсанттар да қатыстырылатынын айта кеткен жөн.

Баспасөз туры ұйымдастырылды

Қостанай облыстық сотында "Қоғам және БАҚ өкілдері үшін жаңа ақпараттық сервистерді таныстыру" тақырыбында баспасөз туры өткізіліп, шараға жергілікті атқарушы орган, қоғамдық үкіметтік емес ұйым, Қостанай облысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы, облыстың медиаторлар ассоциациясы өкілдері, облыстық және қалалық мәслихаттың депутаттары, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері қатысты.

Баспасөз туры "Заң үстемдігін қамтамасыз ету" реформасының жүзеге асырылуы бағытында сот саласында жүзеге асырылған жұмыстар бойынша Қостанай облыстық сотының өзіндік есеп беруі болды. Бүгінде облыстағы барлық сот отырысының залдары 100 пайызға аудио-бейне жазу құрылғыларымен жабдықталған.

Аталған кездесу барысында облыстық соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев тәуелсіздік жылдарынан бүгінгі күнге дейін сот-құқықтық реформасының даму жолындағы негізгі бағыттарға тоқталып өтті. Төраға соттардың өткен жылдардағы және бүгінгі материалдық-техникалық жабдықталуын салыстыра қарады. Мәселен, бұрын сот қызметкерлері теру машиналарында құжат басып, сапасы нашар қағаздарды пайдаланған болатын. Сот отырысының хатшылары барлық жұмысты қолмен атқаруға мәжбүрлі болды. Тараптарға сотқа шақырту қағаздарын дайындау үшін бірнеше дана қағаз басып шығарылатын.

Бүгінгі күні сот құжаттарын дайындау үшін кететін жұмыс уақыты айтарлықтай қысқартылған. Бұл соттарда жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуімен байланысты. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы азаматтардың сот құжаттарына қолжетімділігін барынша ыңғайлы етуге жағдай тудырып отыр.

Танымдық шарасы барысында шақырылған қонақтарға "Сот кабинеті" сервисінің, "Төрелік" бағдарламасының және басқа да электронды технологиялардың жұмысы көрсетілім түрінде баяндалды. Сонымен қатар, баспасөз турына қатысушылар тақырып бойынша еркін пікір алмасып, ақпараттық технологиялар, медиация институты, мүгедек жандар құқығын қорғау турасында сауалдарына жауап ала алды.

Кездесу соңында шақырылған қонақтар ұйымдастырылған баспасөз турының танымды болғанын және сот саласында үлкен жұмыстар атқарылғанын атап өтіп, сот басшылығына ризашылықтарын білдірді.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

Зияткерлік меншік – ойыншық емес

Рудныйда Қостанай облыстық Әділет департаментінің мұрындық болуымен "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өтті. Оған экономика және құқықтану пәнінің оқытушы-ғалымдары, өнертапқыштар мен шағын және орта бизнес өкілдері қатысып, жаңа заңда белгіленген нормалармен танысты.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып әзірленген заң жобасының басты жаңалығы – зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тіркеу бойынша өкілеттерді сараптама ұйымына беру арқылы зияткерлік меншік объектілерін тіркеудің бір деңгейлі жүйесін құру. Осы айдың ішінде мәжілісмендердің қарауына ұсынылатын құжаттың басқа да ұтымды тұстары бар.

– Шараның мақсаты – халыққа заң жобасындағы игі жаңалықтарды түсіндіру. Яғни, бұл құжат бойынша тауар белгілерін, өнертабыстар мен авторлық құқықтарды тіркеуде көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Заң жобасы Парламентке ұсынылмастан бұрын осы салаға қатысты мамандар, ғалымдар және бизнес өкілдері тарапынан кеңінен



талқыланып, олардың ескертулері мен ұсыныстары назарға алынды, – дейді Қостанай облыстық Әділет департаменті, зияткерлік меншік құқықтары бойынша бөлім басшысы Ренат Қапышев.

Құжатта құқық иелерін тауар таңбасын заңсыз пайдаланғаны үшін 500 АЕК-дан 10 000 АЕК-ге дейін өтемақы алу құқығын қамтамасыз ету көзделеді. Сондай-ақ, тіркеуге қатысты дауларды сотқа дейінгі қарау мүмкіндігін кеңейтуді, тауар таңбаларына өтінімдерді сараптама ұйымына түскен сөттен бастап жариялауды және шарттарды тіркеу тәртібін жеңілдету қарастырылған.

Қоғамдық тыңдауда Әділет департаментінің мамандары заң жобасындағы өзгертулер мен толықтыруларды талқылап, өзара пікір таластырды. Талқылау барысында құқықты тауысу қағидасы, авторлық құқық, селекциялық жетістіктерді патенттеу мәселелері де қозғалды.

Біз өз патриоттарымызбен мақтанамыз

Қазақстан Республикасының ІІМ Қостанай қаласындағы оқу орталығында арнайы пәндер циклының ұйымдастыруымен патриоттық тәрбие мәселелерін талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға біліктілігін арттыру курсындағы тыңдаушылар, жолпатрульдік қызметінің қызметкерлері қатысты. Дөңгелек үстелдің қатысушыларына біздің елдің азаматтарының патриоттары туралы бейнефильм көрсетілді. ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тәрбие жұмысы бойынша бөлім басшысы, полиция полковнигі Балым

Құрманғалиева айтқандай, ішкі істер органдары қызметкерлерінің тұлға болып қалыптасуы үшін – Қазақстанның азаматтарына және патриоттарына сана мен сезім жүйесіне ықпал ету керек.

Басқосуға қатысқан оқу орталығының түлегі, полиция аға сержанты Е.Жасәділ өзінің марапаттарын, наградаларын, мадақтау қағазын, ескерткіштерін ала кел-

ген. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен "Ерлігі үшін" медалімен наградталған. Өзінің ерлігін тыңдаушыларға айта отырып, қызметкерлер арасында бір-біріне қолдау көрсетіп және өздерінің жеке қауіпсіздігін сақтауды естерінен шығармау керектігін айтты. Оқу орталығында осындай патриоттық іс-шаралар үнемі жүргізіледі.

Б.ЖАНТАСОВА,
арнайы пәндер циклының бастығы, полиция подполковнигі.

Қостанай қаласы.

"Қазақтелеком" АҚ филиалы – Қостанай ОТД келесі мекенжайларда орналасқан үй-жайларда бос көлемдерді жалға алуға ұсынады:

1. Қостанай қал., Чернышевский көш., 111, 1 ш.м. бағасы – 1600 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 171,7 ш.м.;

2. Қостанай қал., Станционная көш., 66, 1 ш.м. бағасы – 600 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 105 ш.м.;

3. Арқалық қал., Абай даңғылы, 74, 1 ш.м. бағасы – 600 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 60,5 ш.м.;

4. Рудный қ., Ленин көш., 52, 1 ш.м. бағасы – 800 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі **102,98 ш.м.**

5. Торғай с., К. Алтынсары көш., 8, 1 ш.м. бағасы – 775,33 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 102,44 ш.м.;

6. Әулікөл к., Байтұрсынов көш., 68, 1 ш.м. бағасы – 600 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 27,6 ш.м.;

7. Қарабұлақ к., Шақшақ Жәнібек көш., 10, 1 ш.м. бағасы – 500 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 36,2 ш.м.;

8. Денисов с., Калинин көш., 4А, 1 ш.м. бағасы – 700 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 36,2 ш.м.;

9. Қамысты с., Калинин көш., 85, 1 ш.м. бағасы – 570 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 36,2 ш.м.;

10. Таранов с., Ленин көш., 35, 1 ш.м. бағасы – 800 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 34,1 ш.м.;

11. Тобыл ст., Станционная көш., 6, 1 ш.м. бағасы – 1250 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 56 ш.м.;

12. Боровской с., Жеңіс көш., 8, 1 ш.м. бағасы – 500 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 30 ш.м.;

13. Ұзынкөл с., Абылайхан көш., 69, 1 ш.м. бағасы – 500 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 10,8 ш.м.;

14. Қарабалық с., Космонавт көш., 6, 1 ш.м. бағасы – 500 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 48,4 ш.м.;

15. Затобол с., Калинин көш., 63, 1 ш.м. бағасы – 1100 теңге ҚҚС және коммуналдық қызметтер есепсіз, бос алаңдардың жалпы көлемі 41,9 ш.м.

Жоғарыда көрсетілген бос көлемдерде келесі коммуникациялар бар: жылу, су өткізілді және жарық бар.

Қостанай қ., Таран к-сі, 56 үй, 112 каб., тел.: 573-206, 573-085.

●КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК



жету емес, кітапхананың оқырмандары үшін ең маңыздысы бір-бірімен әңгімелесу, көңіл сергіту болып табылады. Шара соңында ҚСҚ облыстық бастауыш ұйымының төрағасы Мүсілім Қасымов байқауды ұйымдастырған арнайы кітапхана қызметкерлеріне алғысын білдірді.

Келер күні "Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Қостанай облыстық ұйымында облыстық арнайы кітапхананың қызметкерлері "Жер бетінің сұлулығын жүрегіммен сеземін" тақырыбымен тақырыптық кеш ұйымдастырды.

Облысымыздағы мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетіліп жатқан қамқорлық туралы, тифло құралды қолымызға алғаннан кейін оқырмандарымызды қан-

Өңірде өзіне-өзі қол жұмсау фактілері азайған

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қазіргі таңда жастар мен жасөспірімдер арасында суицидтің көп кездесуі алаңдатарлықтай жағдай. Қостанай облысында да бұл мәселенің алдын алу бағытында тиісті жұмыстар қолға алынған. Суицидке қарсы кешенді шаралардың нәтижесінде өңірде өзіне-өзі қол жұмсау фактілері 18,6 пайызға азайған. Дегенмен, арқаны кеңге салмай, бұл мәселені үнемі назарда ұстауымыз қажет. Жасөспірімдер ісі жөніндегі комиссияның кезекті отырысында облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев мамандарға осыны қадап тапсырды.

Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Еліміздің болашағы саналатын олардың мұндай оқыс әрекеттерге баруы алаңдатарлық жағдай әрине. Басқосуда құқық қорғау саласының мамандары әсіресе мұғалімдердің балалар мен жасөспірімдерге білім беріп қана қоймай, олармен жеке тұлға ретінде ашық түрде пікір алмасу керектігін алға тартты. Сондай-ақ, мамандар ата-аналардың да баласының әр қылығына, мінез-құлқына баса назар аударып, баланың көңіл-күйіне селқостық танытпаулары қажет деген пікірлерін де ортаға салды.

— Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің көрсеткіштері көбіне-көп 15 пен 29 жас аралығындағы адамдарды қамтиды. Аталған аралықта адамның жүйке жүйесі тұрақты болмайды. Сол себепті күйзелісті көтере алмай, өмірмен қош айтысып жатады. Бірақ, бұл дұрыс шешім емес. Суицидке баратын адамдар көбінесе ішкі жан күйзелісін басынан көшіреді немесе қатты стресс жағдайында болады, сонымен қатар психикалық аурулармен, көңіл-күй бұзылыстарымен, әсіресе депрессиямен зардап шегеді және оларды болашақ өмірлері де қызықтырмайды. Ал, жасөспірімдер ата-аналарының, мұғалімдердің назарын өз мәселелеріне аудару мақсатында өзіне-өзі қол жұмсауға шешім қабылдап жатады. Мұндай қадамға көбінесе түйік, жаны жараланғыш, жалғыздық сезімнен, өзінің керексіздігінен стресске берілгіш және өмірден түңілген жасөспірімдер барады. Ал, мұндай жағдайға кез-келген ата-ана селқостық танытпауы қажет. Керісінше, осындай қиын жағдайда көрсетілген психологиялық көмек, мейіріммен жасалынған қолдау жасөспірімді қайғылы жағдайдан аман алып қалары сөзсіз,

— дейді облыстық психиатриялық аурухананың психиатриялық қызмет бөлімінің меңгерушісі Г.Ислямова.

Облыс орталығындағы психологиялық көмек көрсететін дағдарыс орталығына ағымдағы жылы суицидтік әрекетке барғысы келген 41 адам хабарласқан. Оның ішінде 28-і ересектер болса, 13-і жасөспірімдер көрінеді. Орталық мамандарының айтуынша, хабарласқандардың жетеуі психологиялық түзетуден өтіп, ал отыз төртінше телефон арқылы кеңес берілген. Ал, өткен жылы аталмыш орталыққа 81 адам хабарласқан екен, оның 22-сі жасөспірімдер. Мамандар суицидке қарсы кешенді шаралардың арқасында өңірде былтырғыға қарағанда өзіне-өзі қол жұмсаушылар фактілерінің 72-ге төмендегендігін айтады. Сондықтан, жиында жұмыла істеген жұмыс пен нақты шаралар жағдайды бұдан да жақсартуға септігін тигізеді деген пікірлер де айтылды. Бүгінде екі ірі халықаралық ұйымның көмегімен еліміздің кейбір аймақтарын да жүргізілген сынақ нәтижесінде жасөспірімдер арасындағы суицид көрсеткіші бірнеше есеге азайған көрінеді. Мұндай нәтижелердің психологтарды әлемдік әдіспен оқыту арқылы қол жеткізілгендігі де тілге тиек етілді.

— Қостанайдағы бірқатар білім ошақтарында қолға алынған шаралар өте нәтижелі екендігін айта кеткім келеді. Арнайы психолог балалармен жұмыс істейді, кабинеттер де қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Суицидке қарсы кешенді шараларды жалғастыра беруіміз керек. Ол үшін мұғалімдер мен психолог мамандар ғана емес, ең алдымен ата-аналар да жасөспірім шақтағы балаларымен мейлінше тығыз қарым-қатынас орнатуы қажет, — деді облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев.

"Жер бетінің сұлулығын жүрегіммен сеземін"

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Әлемнің көптеген елдерінде жұрттың назарын жанарын жоғалтқан жандарға аудару мақсатында түрлі шаралар өткізіледі. Ағымдағы жылы Қостанай облыстық арнайы кітапханасы да түрлі шаралар өткізуде. Қазақ соқырлар қоғамының Қостанай облыстық бастауыш ұйымында "Жүрегіме жылу берген Брайль" атты кітап оқу байқауын өткізді.

Түрлі әдіспен түсірілген алты нүкте көзі көрмейтін және нашар көретін адамдарға жазушының жаныңды толқытар туындысымен танысуға, қоршаған ортаның құпиясын білуге және білім алуға мүмкіндік береді. Арнайы кітапхананың оқырмандары Брайль қарпімен жазылған кітапты уақытқа оқу байқауына белсенді қатысып отырады. Быылғы байқау атақты жерлесіміз, педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына орайластырылды.

Байқауға қатысушыларға сәттілік тілеп, байқаудың басталғанын жариялаған арнайы кітапхананың директоры М.Дәрменова қазылар алқасының мүшелерін таныстырып өтті. Байқаудың

шарты бойынша оған қатысушылар берілген мәтінді алдын ала дайындықсыз оқып шығулары тиіс болды және оқу барысында олардың мәтінді мәнерлеп, дұрыс және тез оқуларына ерекше назар аударылды. Әрбір қатысушы екі минут ішінде шама-сы келгенше қате жібермей және мейлінше көп сөз оқулары керек еді.

Байқаудың әділ өтуі үшін барлық қатысушылар үш топқа: мемлекеттік тілде оқитындарға; толық және толық емес орта және жоғары білімі бар, көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернатындағы оқудың толық курсын өткендерге, Брайль қарпі өз беттерінше игерген кітап оқушы мүгедектерге бөлінді.

Байқау барысында әр топтың көшбасшылары анықталды. Жеңімпаздар қатарында Гүлқайша Исмадиярованың, Анастасия Матвееваның, Сәния Шынтемірованың, Роза Григорьеваның және Алла Другованың аттары аталды. Қазылар алқасы байқаудың барлық кезеңі бойынша қорытынды шығарып, жеңімпаздардың есімдерін жариялады және оларға бағалы сыйлықтар табыс етті.

Бұл жерде ең бастысы оза

дай жаңалықтардың күтіп тұрғаны жайында филиалдың төрағасы Мүсілім Ғалиасқарұлы Қасымов айтып берді.

Қазіргі кезде көзі нашар көретін кісілер қоғамның белсенді мүшесі болуға, өзін өзгелермен тең сезінуге тырысады. Олар мамандықтарды игеріп, түрлі салада еңбек етуде. Олардың ішінде массаж жасаушылар, психологтар, заңгерлер, композиторлар, ақындар, музыканттар, әртістер, суретшілер, спорт жаттықтырушылары да бар. Олардың барлығы да құрметке лайық жандар. Біздің оқырмандарымыздың ішінде де түрлі жетістіктерге қол жеткізген жандар жетерлік. Арнайы кітапхананың директоры Мәрия Дәрменова қоршаған әлемнің әсемдігін көре алмайтындығына қарамастан үстіміздегі жылы түрлі салада елеулі жетістіктерге жеткен талантты тұлғалар туралы айтып өтті. Ең үздік деп танылғандарына түрлі сыйлықтар мен гүл шоқтары табыс етілді.

Мұндай кездесулер зағип жандар үшін ғана емес, сондай-ақ кітапхана қызметкерлері үшін де керек. Кітапхана оқырмандарының көздері нашар көрсе де, жүректері ерекше сезімтал болып келеді, ал әрбір кездесу оларға зор қуаныш сыйлайды.

"Лайықты еңбек – қауіпсіз еңбек"

Облыс прокуратурасы мүдделі органдармен және облыс әкімдігімен бірлесіп "Лайықты еңбек – қауіпсіз еңбек" жобасын жүзеге асыруда, оның мақсаты облыс кәсіпорындарында өндірістегі жұмыскерлердің жарақаттану, қайтыс болу фактілерін азайту.

Халықаралық еңбек ұйымының есептеріне сәйкес, әлемде жыл сайын еңбек қызметіне байланысты шамамен 2 млн қызметкер қайтыс болады, оның 380 мыңы немесе 19%-ы өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан.

Оның үстіне әлем бойынша шамамен 160 млн адам еңбек қызметіне байланыс-

ты аурулардан зардап шегеді.

Қостанай облысында 2012 жылдан бастап жыл сайын 120-дан 230-ға дейін жазатайым оқиға орын алды, онда 140-тан 240-қа дейін адам жарақаттанды, 80-нен астам азамат қайтыс болды.

Мұндай жағдай прокуратура мен облыс әкімдігін жоғарыда аталған жобаны дайындап, қабылдауға итермеледі.

Жоба іс-шараларын ұйымдастыру шеңберінде жұмыс берушілермен және еңбек ұжымдарымен 47 әлеуметтік диалог өткізілді.

Жобаны іске асыру нәтижесінде оқу орталықтарында оқудан өткен қызметкерлер

саны 70-тен 3 842-ге дейін көбейді, 23 кәсіпорында үш есе көп жеке қорғаныс құралдары сатып алынды, 1067 кәсіпорынның жұмыс орындары аттестациядан өткізілді.

Еңбек инспекциясының базасында жоcықсыз кәсіпкерлер тізімдері жасалып, оған бірнеше рет жарақаттану фактілері орын алған 51 кәсіпорын енгізілді.

Жыл қорытындысы бойынша көзге түскен 61 кәсіпорынды облыс прокуроры мен әкімінің мақтау қағаздарымен марапаттау жоспарлануда.

Еңбек инспекциясында жедел ықпал ету үшін "жедел жөлі" ашылды.

Қазіргі таңда жоба белгілі бір нәтижелерге жеткізуде. Егер 1-ші жарты жылдықта өндірістік жарақаттану мен жарақат алған қызметкерлер санының тұрақты түрде өсуі байқалса, қазіргі кезде олардың саны төмендеуде.

20 қараша жағдайына жазатайым оқиғалардың саны 115-тен 98 немесе 15%, жарақат алушылардың саны 133-тен 109-ға немесе 18% төмендетілді.

Жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыс жалғастырылуда.

Қостанай облысының
прокуратурасы.

"Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ-де жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Лауазымды тұлғаның ТАӘ	Қызметі	Азаматтарды қабылдау күндері мен уақыты
Жұмабаев Дәуіт Бекенұлы	Инспекция басшысы	Сейсенбі, бейсенбі сағат 10-н 12-ге дейін
Молдагулов Хилимхан Айтқұлұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма сағат 10-н 12-ге дейін
Сәрсенов Нұрқан Ақпарұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма сағат 10-н 12-ге дейін

Азаматтарды қабылдауы мына мекенжай бойынша өтеді: Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 85 А.

Байланыс телефоны 54-30-60.

"Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ-нің сенім телефоны 8 (7142) 54-30-60

**График приема физических и представителей юридических лиц
РГУ "Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира"**

ФИО должностного лица	Должность	Дни и время приема
Джумабаев Даут Бакенович	Руководитель инспекции	вторник, четверг с 10 до 12 час.
Молдагулов Хилимхан Айтқұлұлы	Заместитель руководителя инспекции	среда, пятница с 10 до 12 час.
Сәрсенов Нуркан Ақпарович	Заместитель руководителя инспекции	среда, пятница с 10 до 12 час.

Прием граждан проводится по адресу: г. Костанай ул. Гагарина, 85 А.

Контактный телефон 54-30-60.

Телефон доверия РГУ "Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира" 8 (7142) 54-30-60.

"Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі блок "А" бос азаматтық лауазымға орналасуға конкурс жариялайды 110000, Қостанай қаласы, Майлин көшесі, 2а, анықтама үшін телефон: 8 (7142) 39-46-47, 53-60-33 (факс), электрондық мекенжайы: der@kostanay.gov.kz .

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауыл шаруашылығы колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры (санаты А1-2) лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 94 856 теңгеден 111 845 теңгеге дейін.

Мемлекеттік мекеменің мекенжайы: 111400 Науырзым ауданы, Қараменді с., Победа көшесі №5, т. 8-714-54-21-9-65.

Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды.

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің кестесін, ішкі тәртіп ережесін бекітеді. Білім беру ұйымының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету ұйымдарының жұмыс істеу және олардың жұмысына бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білім, білім беру ұйымдарында немесе бейініне сәйкес басшы лауазымында еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Келесі құзіреттіліктердің болуы: жігерлілік, тез тіл табыса білетін, талдаушылық, ұйымдастырушылық, әдептілік, қолдануға бағдар, жемқорлыққа төзімсіздік.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Салық Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мемлекеттік кәсіпорын туралы", "Жемқорлыққа қарсы тұру туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, оқушыларға білім беру мен тәрбие беру мәселелері бойынша өзге де нормативтік құжаттарын, педагогика мен психология негіздерін, қазіргі педагогикалық ғылым мен тәжірибедегі жетістіктерді, басқарудың жаңаша әдістерін, экономика негіздерін, қаржылық-шаруашылық қызметі мәселелерін, құқық негіздерін, еңбек заңдылығын, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен ертке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын білуге тиіс.

Конкурс Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығы (бұдан әрі – Ереже) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

Конкурсқа қатысу жөніндегі өтініш
Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
Білімі туралы құжаттың көшірмелері;
Еңбек кітапшасының көшірмесі (болған жағдайда) немесе еңбек шарты, не болмаса соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылдау туралы, еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтың көшірмелері;

Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (№6697 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулығы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, еңбек өтіліне, кәсіптік даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру туралы, ғылыми деңгейі мен атақтары, ғылыми баспалары көшірмелерін, сонымен қатар осыған дейінгі жұмыс орынының басшысынан ұсыныс хатын) ұсынуына болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басшылығында жарияланған сәттен бастап **15 күнтізбелік күннің ішінде** Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасына, мына мекенжай бойынша ұсынылуға тиіс: Қостанай қ., Майлин к., 2а, 103 кабинеті, анықтама үшін телефон: 8(7142) 39-46-47.

Государственное учреждение "Управление образования акимата Костанайской области" 110000, г. Костанай, улица Майлина 2а, телефоны для справок: 8 (7142)39-46-47, 53-60-33 (факс), электронный адрес: der@kostanay.gov.kz объявляет конкурс на занятие вакантной гражданской должности блок "А".

Директор (категория А1-2) коммунального государственного казенного предприятия "Наурузмский сельскохозяйственный колледж" Управления образования акимата Костанайской области с должностным окладом в зависимости от выслуги лет от 94856 тенге до 111845 тенге в месяц.

Адрес государственного учреждения: 111400, Наурузмский район, с.Караменды, улица Победы № 5, т. 8-714-54-21-9-65.

Функциональные обязанности:

Руководит в соответствии с законодательством Республики Казахстан и уставом организации образования учебно-методической, научно-методической, административно-хозяйственной и финансово-экономической деятельностью.

Утверждает рабочие учебные планы и программы, графики учебных процессов, правила внутреннего распорядка. Утверждает структуру управления, штатное расписание, должностные инструкции работников организации образования. Формирует контингент обучающихся, обеспечивает их социальную защиту. Обеспечивает необходимые условия для работы в организациях технического и профессионального образования организаций общественного питания, медицинского обслуживания и контроля их работы.

Требования к квалификации: высшее образование, стаж работы в организациях образования или на руководящих должностях в организациях, соответствующих профилю организации образования не менее 5 лет.

Наличие следующих компетенций: инициативность, коммуникативность, аналитичность, организованность, этичность, ориентация на качество, ориентация на потребителя, нетерпимость к коррупции.

Должен знать: Конституцию Республики Казахстан, Гражданский Кодекс Республики Казахстан, Налоговый Кодекс Республики Казахстан, законы Республики Казахстан "Об образовании", "О государственном предприятии", "О противодействии коррупции", "О языках в Республике Казахстан", государственные программы развития образования, другие нормативные правовые акты по вопросам образования и воспитания обучающихся; основы педагогики и психологии, достижения современной педагогической науки и практики; инновационные методы управления; основы экономики, вопросы финансово-хозяйственной деятельности; основы права, законодательства о труде, правила и нормы охраны труда, техники безопасности и противопожарной защиты.

Конкурс проводится на основании Правил назначения и аттестации руководителя государственного предприятия, а также согласования его кандидатуры" утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года № 70 (далее – Правила).

Необходимые документы для участия в конкурсе:

заявление об участии в конкурсе
резюме на государственном и русском языках;
автобиографию, изложенную в произвольной форме;

копии документов об образовании;
копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;

справку о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года № 907 "Об утверждении форм первичной медицинской документации организаций здравоохранения" (зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 6697).

Участник конкурса может предоставить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы и т.п.).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены **в течение 15 календарных дней** со дня публикации данного объявления о проведении конкурса в официальном издании средств массовой информации по адресу: г. Костанай, ул. Майлина, 2а, кабинет 103, телефон для справок: 8 (7142) 39-46-47.

ҚҰТТЫҚТАУ**Құттықтаймыз!**

Науырзым ауданы, Шолақсай ауылының тұрғыны, құдағиымыз, анамыз, әжеміз **МАХМУТОВА Балкен Жақияқызын** 9 желтоқсанда 70 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Зор денсаулық, ұзақ өмір, ашық аспан тілейміз. Балалары мен немерелерінің, туыстары мен дос-жарандарының ортасында күліп-ойнап, бақытқа бөленіп жүре беріңіз. Әр таңың арайлап атып, жаңу-шаңырағың нұрға толсын. Бақытты болыңыз, қуатыңыз жүз жаста да таусылмасын.

Ізгі тілекпен: құдағиыңыз Сәтима, күйеу баланыз Қайрат, қызыңыз Гүлжанат, немерелеріңіз – Аймира, Айлана, Айдар.

**Құттықтаймыз!****Құрметті Рая Төлеубайқызы!**

Сізді 9 желтоқсан 58 жасқа толған мерейтойыңызбен және зейнетке шығуыңызбен құттықтаймыз!

Ешқашан жабырқамай көңіліңіз, Бақытқа толы болсын өміріңіз. Ортамызда шаттаныңыз, күліңіз, Еңбекте биіктерден көріңіз.

Ігі тілекпен: сіңілің – Света, күйеу балаң – Қоныс, жиендерің – Абай-Диана, Нұрболат-Айкерім, Айым, Әсет-Гүлім


Құттықтаймыз!**Құрметті Абдимаулен Байешұлы!**

Сізді желтоқсан айының 5-ші жұлдызындағы туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгі қуанышты күніңізде Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Құтты болсын келген туған күніңіз,

Тілекші көп, біз де соның біріміз. Үзілмесін өміріңіздің жыр-өні. Бақытыңыз өрге тартып бұлағы. Еңбегіңіздің тек зейнетін көріңіз. Келер күннің сәулелі боп шуағы.

Ігі тілекпен: "Қостанай гуманитарлық колледжі" мекемесінің ұжымы.



"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ (бұдан әрі – Банк) "Нұрлы жол" бағдарламасының "Жергілікті атқарушы органдар арқылы несиелік тұрғын үй құрылысы" (бұдан әрі – ЖАО) бағыты бойынша қатысуға өтініш қабылдайтынын хабарлайды.

Нысан – **"5", "6" МП бойынша Заречное селосы "Северный" шағын ауданындағы 48 пәтерлік екі тұрғын үй", орналасқан мекенжайы: Заречное селосы, "Северный" шағын ауданы, №5 үй, №6 үй.**

Құрылыстың жоспарлы аяқталу мерзімі: желтоқсан 2016 жыл.

Бағасы "таза" өрлеумен 1 шаршы метрге 128 445 теңге.

Жайлылық санаты: IV.

1 бөлмелі – 48 пәтер, ең үлкен алаңы 41,5 ш.м.

2 бөлмелі – 48 пәтер, ең үлкен алаңы 56,5 ш.м.

Қатысуға өтініштерді қабылдау мерзімі: 16.11.2016 жылдан бастап 08.12.2016 жылға дейін.

Барлық мәселелер бойынша банк филиалына жүгінуге болады, мекенжайы: Қостанай қаласы, Әл-Фараби д-лы, 67 немесе 300 нөмірі бойынша.

"Дзюртов И.К." ШҚ сенімді тұлғасы – Гадаборшев Рустам Борисович кепілдік мүлкікті сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды:

Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Буревестник селолық округі мекенжайында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған келесі жер телімдеріне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (жалдау) құқығы:

- кадастрлік нөмірі 12-186-016-108, 2056 жылғы 25 қаңтарға дейінгі мерзімге жалдау, жалпы өлшемі 606,5 га.

- кадастрлік нөмірі 12-186-018-033, 2055 жылғы 18 маусымға дейінгі мерзімге жалдау, жалпы өлшемі 412,9 га.

Сауда ағылшын әдісімен (бағаны көтере отырып) өткізіледі, кепілдік жарна қарастырылмаған.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен немесе аудару арқылы сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күннің ішінде енгізіледі. Сауда 2016 жылғы 20 желтоқсан сағ 11.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Буревестник селосы, кеңсе ғимараты.

